

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 18 маусымдағы N 168-ө
өкіміне өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 27 тамыздағы N 227-ө
Өкімі

"Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевпен Токио, Киото және
Осака қалаларына (Жапония) бірге жүретін Қазақстан Республикасының делегациясын
іссапарға жіберу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылы
18 маусымдағы N 168-ө өкіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

" 2) м ы н а л а р ғ а :

Ақылбек Әбсатұлы Камалдиновты, Серік Мінуэрұлы Бүркітбаевты, Арман
Ғалиасқарұлы Дунаевты, Мұхтар Еркінұлы Жәкішевті, Орал Қабылұлы Қарпышевты,
Қайрат Сағатбекұлы Мақажановты, Болат Құлжымбайұлы Отарбаевты, сондай-ақ
баспасөз өкілдерін қоспағанда, делегация мүшелеріне қонақ үйде тұруға, тәуліктік
және Токио - Бангкок - Алматы бағыты бойынша көліктік шығыстарға;

Орал Қабылұлы Қарпышевқа, Қайрат Сағатбекұлы Мақажановқа, Болат
Құлжымбайұлы Отарбаевқа қонақ үйде тұруға, тәуліктік және Астана - Токио - Нагоя -
Астана бағыты бойынша көліктік шығыстарға 2008 жылға арналған республикалық
бюджетте 005 "Шетелдік іссапарлар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат
есебінен валюта айырбастаудың берілетін күнгі нарықтық бағамы бойынша шетелдік
валютада қаражат бөлсін."

Премьер-Министр

К. Мәсімов